

“Жақсыбайкөл негізгі мектебі” КММ

2023-2024 оқу жылында 8 сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының
талдауы

Сынып жетекшісі: Жолдасаова М

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылында

8 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылында 8 сыныпқа 10 оқушы қабылданды. Оның ішінде 3-еуі ұл бала, 7-сі қыз бала.

Отбасылық жағдайы: : Сыныпта 9 де толық отбасы жағдайы қалыпты. Сыныптағы 4 оқушы көп балалы отбасынан.

Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды.

Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген ісшараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн(ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Сынып оқушыларының негізгі міндеті мен мақсаты: өзін жеке тұлға ретінде

таныту, сапалы білім алу.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша: ««Ұстаз, сіздің алдыңызда»,

«Парасаттылық туралы» биылғы оқу жылының ерекшеліктері, т.б.

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс): «Ең бірінші бақытым-тілім менің!», «Ұлы дала перзентімін», «Жемқорлыққа жол жоқ», «Теңге-тәуелсіздік символы».

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша: «Тарих пен тіл тағдырлас», «Туған өлке ақындарының шығармалары», «Тарихқа тағзым», «Қалдықсыз болашаққа байтайық», «Таным. Тағылым. Тәрбие», «Імамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні», «Жеңіс деген шат күлкісі баланың», «Meduetime»

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша: «Жақсы дәстүр-отбасының тірегі «Отбасы басты құндылық».

«Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша: «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды», «Ұлттық кимі-ұрпаққа мұра», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар», «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» отбасы құндылықтарын насихаттау.

«9 ай - 9 іс-шара» жобасы бойынша: «Мәдеин мұра – айтыс өнері». «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты отбасымен бірге сайыс өткізілді. Сайыс арқылы атаоқушы-мектеп үштігі орнады.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша: «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы».

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша: «Мейірімділік құндылығы».

Тәрбие бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітіліп, сынып сағаттары түрлі форматта өткізілді. Тәрбие сағаттары әр түрлі форматта өткізілді. Барлық оқушылар үйірмелерге уақытылы қатысып, жетістікке жеткен оқушылар да болды. «Бойжеткен» қыздар клубы мен ұлдар клубының іс-шараларына да белсене қатысты.

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.